

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының докторантура бағдарламаларына қабылдау қағидалары мен рәсімдеріне өзгерістер және толықтырулар

Санаты: Қағидалар

Бекітілген күні: 01.07.2024

Күшіне енген күні: 01.07.2024

Қолжетімділік деңгейі: Ашық
қолжетімділік

Сыныптауыш бойынша нөмірі: 2.1 ADMS

Бекітуші орган: Провост

Тіркеу нөмірі: 91-н/қ

Иесі: Студенттерді оқуға қабылдау
департаменті

Қолданылуы: Назарбаев Университеті

Қайта қарау № 1

Қайта қарау түрі: Елеулі қайта қарау

Негізгі ІНҚ бекітілген күні: 23.10.2023

Негізгі ІНҚ күшіне енген күні: 23.10.2023

Бекітуші орган: Провост

Тіркеу нөмірі: 110-н/қ



Провосттың 2023 жылғы 23 қазандағы № 110-н/қ шешімімен бекітілген «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының докторантура бағдарламаларына қабылдау қағидалары мен рәсімдеріне (бұдан әрі – Қағидалар мен рәсімдер) мынадай өзгерістер және толықтырулар енгізілсін:

1. Қағидалар мен рәсімдер мынадай мазмұндағы 2.1.18-тармақпен толықтырылсын:

«2.1.18. **Кепілдік жарна** – егер Университеттің Басқарушы кеңесі Бағдарламаны кепілдік жарнаны төлеуден босатпаса, докторантура бағдарламаларына түсетін үміткерге қабылдау орнын қамтамасыз ететін міндетті төлем. Кепілдік жарнаның мөлшері Университеттің ішкі құжаттарында белгіленеді;».

2. Қағидалар мен рәсімдер мынадай мазмұндағы 2.1.19-тармақпен толықтырылсын:

«2.1.19. **НУ түлегі** – НУ-дың академиялық бағдарламасын (бакалавриат, магистратура, докторантура, медицина докторы, резидентура) бітірген тұлға.».

3. Қағидалар мен рәсімдер мынадай мазмұндағы 3.1.8-тармақпен толықтырылсын:

«3.1.8. Үміткерлерді қайта қабылдау Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.».

4. Қағидалар мен рәсімдердің 3.2.1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.2.1. Бағдарламаларға түсу конкурсына қатысу үшін үміткерлер құжаттарды тапсыру үшін порталда (www.admissions.nu.edu.kz) өтінім береді және көрсетілген мерзім өткенге дейін Жеке кабинетте:

1) дербес деректерді өңдеуге келісімді қабылдайды, өтінім нысанын толтырады және жүктеп салады;

2) Бағдарламаға түсуге қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкес қажетті құжаттардың (жарамды тестілеу сертификаттарын қоспағанда: тестілеу сертификаттары сканерленген түрде немесе электрондық көшірлемелер түрінде жүктелуі мүмкін) сканерленген көшірмелерін жүктеп салады;

3) Университеттің Басқарушы кеңесі босатпаса, қайтарылмайтын тіркеу жарнасын төлейді және өтінім береді. Тіркеу жарнасының мөлшері Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген.».

5. Қағидалар мен рәсімдердің 3.2.2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.2.2. Университет түлектерін қоспағанда, жоғары оқу орындарының түлектері және 3.1.4.-тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін үміткерлер қолданыстағы тестілеу сертификаттарының ресми электрондық қорытындыларын жүктеуі тиіс. Тестілеу туралы қорытындыны Университетке тестілеу әкімшісі электрондық нұсқада тестілеу сертификатының сканерленген көшірмесін немесе электрондық көшірмесін міндетті түрде бере отырып ұсынады.».

6. Қағидалар мен рәсімдердің 3.2.4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:



«3.2.4. Қабылдау кезеңін, раундтар санын және Бағдарламаларға қабылдауға байланысты барлық мерзімдерді Студенттерді оқуға қабылдау департаменті белгілейді, Мектеп деканы немесе ол тағайындаған тұлға бекітеді және Университеттің сайтында жарияланады.

Мектептің қалауы бойынша, өтінім беру мерзімі ұзартылған жағдайда, Мектеп өтінім берудің бекітілген мерзімінен кемінде бір күн бұрын тиісті хабарламаны жіберу арқылы Студенттерді оқуға қабылдау департаментіне хабарлауы тиіс.».

7. Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.5.2. Бір раунд шеңберіндегі Бағдарламаларға қабылдау процесі мынадай кезеңдерден тұрады:

1) Бірінші кезең – Студенттерді оқуға қабылдау департаменті Жеке кабинетте конкурсқа қатысуға арналған құжаттар пакетін қарайды және оқуға түсуге қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкес Бағдарламаға оқуға түсуге қойылатын ең төменгі талаптардың осы Қағидалар мен рәсімдерге сәйкестігін тексереді;

Студенттерді оқуға қабылдау департаменті Қабылдау комиссияларына қабылдау процесінің келесі кезеңіне өтпес бұрын өтініш берушілердің мәртебесі туралы ақпаратты және құжаттардың толық пакетін ұсынады.

2) Екінші кезең – Қабылдау комиссиясының мүшелері Қабылдау комиссиясы әзірлеген әдістемеге сәйкес қабылдау талаптарына сәйкес келетін, конкурсқа қатысуға арналған құжаттар пакетін қарайды. Құжаттар пакетін бағалайтын Қабылдау комиссия мүшелерінің саны әдістемеде көрсетілген.

3) Үшінші кезең – Қабылдау комиссиясының мүшелері үміткерлермен әңгімелесу өткізеді. Оқуға түсу талаптарына сәйкес келетін барлық үміткерлер Қабылдау комиссиясымен жеке немесе бейнеконференция арқылы әңгімелесуден өте алады. Қажет болған жағдайда Қабылдау комиссиясы Мектеп өкілдері, Университет түлектері, сыртқы сарапшылар немесе стратегиялық серіктес өкілдері қатырынан Қабылдау комиссиясының мүшелері болып табылмайтын интервьюерлерді тағайындай алады. Үміткермен әңгімелесу үшін тағайындалған интервьюерлер саны кемінде 2 (екі) адам болуға тиіс;

3) Төртінші кезең – Қабылдау комиссиясының мүшелері екінші және үшінші кезеңнен өткен үміткерлердің рейтингін жасайды және оқуға түсу бойынша ұсынымдар береді. Әр кезеңнің мәнін Қабылдау комиссиясы анықтайды. Университетті үздік бітірген түлектер рейтингке енгізілмей, тиісті Бағдарламаға қабылдануға ұсынылуы мүмкін. Мамандыққа сәйкестікті Қабылдау комиссиясы анықтайды.».

8. Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.5.11. Қабылдау комиссиясы оқуға қабылдауға ұсынған және оқуға шақыру хатын алған үміткерлер шақыру хатында көрсетілген күндерге сәйкес шақыруды қабылдау немесе қабылдамау туралы Оқуға қабылдауға келісім нысанын толтыру арқылы Университетті ресми түрде хабардар етуге тиіс.



Оқуға шақыру хатын қабылдаған жағдайда (заңды тұлғалар демеушілік ететін ақылы PhD бағдарламаларын қоспағанда) үміткерлер Жеке кабинет арқылы Кепілдік жарнасын төлеу туралы келісім нысанын толтыруы және Кепілдік жарнаға төлем жүргізуі қажет. Шарттар орындалмаған жағдайда, үміткерлер Бағдарламаға қабылданбайды және оқуға шақыру хаты күту парағындағы ең жоғары рейтингі бар келесі үміткерге жіберіледі.

Міндетті Кепілдік жарна мынадай жиынтық шарттар орындалған жағдайда Бағдарламаның екінші семестрінде қайтарылуға жатады:

1) Университетпен білім беру қызметтерін көрсету туралы шартқа екі жақты қол қою;

2) студенттің бағдарлау апталығына қатысуы;

3) студенттің бірінші семестрді Университеттің тиісті оқу бағдарламаларының Академиялық қағидалары мен рәсімдеріне сәйкес жақсы академиялық деңгейде аяқтауы.

Кепілдік жарна үміткер/студент қайтыс болған жағдайда Бағдарламаның екінші семестрі басталғанға дейін жоғарыда көрсетілген шарттар орындалмай қайтарылуы мүмкін.».

9. Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.13-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3.5.13. Оқуға қабылдау туралы шешімде әрбір үміткердің оқуын қаржыландыру көзі көрсетілуі тиіс.».

